

Абай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылды әлеуметтік қолдау шараларын беру туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы 12 сессиясының № 12/112 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 қантарда № 4082 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты өз әрекетін тоқтатты

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) сәйкес Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Абай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылды өтініш беру кезінде жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақысы берілсін.

2. Абай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау 2017 жылды өтініш беру кезінде маманмен мәлімделген, бірақ бір мың бес жұз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түрінде берілсін.

3. Ауылдық аумақтарды дамыту бойынша әкілетті орган ретінде "Абай ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы шешімді жүзеге асыру жөніндегі шараларды Қаулыға сәйкес қабылдасын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін (М.З. Лозинский).

5. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған құнінен бастап он құнтізбелік құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Абай аудандық
мәслихатының хатшысы*

*H. Белан
Б. Цай*

"КЕЛІСІЛДІ":

*"Абай ауданының экономика
және қаржы болімі" мемлекеттік
mekemесінің басшысы*

B. Муталяпова

2016 жыл 22 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК